

**«6D020700 – Аударма ісі» мамандығы бойынша философия (PhD)
докторы дәрежесін алу үшін жазылған
Алпысбаева Айгүл Ерболатқызының «Мағжан Жұмабаев
поэзиясының үш тілдегі (түрік, орыс, ағылшын) аудармаларының
лингвомәдени аспектісі» атты диссертациялық жұмысының**

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста М. Жұмабаев поэзиясындағы реалиялар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылуының лингвомәдени аспектілері қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Кез келген әдеби асыл мұра – бүтіндей бір халықтың айнасы болғандықтан оның басқа тілдердегі аудармалары қалай жасалып, қандай деңгейде реципиентке жеткізіліп жатыр деген сұрақтарға жауап беру үшін түпнұсқа мен аударма мәтінді зерделеп, талдап, тұжырым жасау - үлкен міндет. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу жұмысы өте өзекті. М. Жұмабаев поэзиясының аудармаларына қатысты жүйелі, ғылыми негізделген көлемді зерттеулер жоқ. Ақын поэзиясының туыстас түрік, жергілікті орыс және жаһандық ағылшын тілдеріне аударылуы лингвомәдени аспектісі тұрғысынан алғаш рет қарастырылмақ. Түпнұсқа мен оның бірнеше тілдердегі аудармалары арасындағы тіларалық, мәдениетаралық байланыстарын ашып, әр түрлі этностардың құндылықтар жүйесіндегі, тілдік бейнесіндегі өзгешеліктер мен ортақ тұстарын ажырату көркем аударма теориясы мен практикасында, лингвомәдениетнама тұрғысынан құнды ақпарат көзі болып табылады.

Зерттеу жұмысының тақырыбы мен мазмұны еліміздегі ұзақ мерзімді «Этномәдени білім беру концепциясы», «Үш тұғырлы тіл», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мәдени жобаларымен тұспа-тұс келеді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері мен зерттелу деңгейі. Диссертациялық жұмыста тіл мен мәдениеттің байланысы, әлемнің тілдік бейнесінің дискриптивті-онтологиялық теориясы В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, А.М. Хайдеггер, А.А. Потебня еңбектерінен бастау алады.

Мәдени лексика теориясы және оны аудару стратегияларын талқылауда шетелдік аударматану ғылыми дискурсынан Ж. Мунэн, Ю. Найда, П. Ньюмарк, Л. Венутти, Е. Дэвис, К. Шеффнер мен У. Визерман, Ф. Шлейермахер, С. Харви мен И. Хиггинс, И.В. Гёте, А. Нойберт, К. Райс пен Г. Фермеер, Дж. Кэтфорд, Э. Прунч, М. Бейкер, К. Норд, И. Гамбиер, Ж.П.Вине мен Ж.Дарбельн, А. Мальблан, М. Кронин, С. Баснет пен А. Лерфевеер, Х. Ф. Эксела, Э. Эспиндола еңбектері негізге алынды.

Ресейлік дискурстан Л.Н. Соболев, Вл. Росселс, Г.Д. Томахин, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, Л.С. Бархударов, В.В. Латышев, Я.И. Рецкер, В.Н. Комиссаров, А.Д. Швейцер, Н.К. Гарбовский,

М.Л. Гаспаровтың еңбектері, болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флориннің еңбектері қарастырылды.

Лингвомәдениеттану теориясынан В.А. Маслова, В.Н. Телия, А. Вежбицкая және отандық ғалым А.Б. Салқынбай, З.К. Сабитованың зерттеулері сараланды.

Отандық дискурстан А.А. Алдашева, Ж.А. Манкеева, С.А. Ашимханова, Ж.Д. Дәдебаев, А.Ж. Жақсылықов, Т.У. Есембеков, Ә. Тарақтың еңбектерінің, сондай-ақ тәуелсіздік алынған жылдардан кейін Мағжан ақын шығармашылығы мен тілдік тұлғасына қатысты жазылған академиялық еңбектердің нәтижелері мен тұжырымдары қолданыс тапты.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың жергілікті ресми орыс тіліне, туыстас түрік тілі және жаһандық ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктерін, доместикациялану және форенизациялану деңгейін анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- жалпы әлемдік аударматану теориясында және поэтикалық аудармада қалыптасқан мәдени лексиканы аудару тенденциялары мен қағидаттарын анықтау;

- әлемнің ұлттық тілдік бейнесі аударма теориясындағы лингвомәдени зерттеулердің негізгі формасы болып табылатын, лингвомәдени аспектінің мазмұнын ашып, мәтіннің этномәдени феноменін түсіндіретін зерттеудің өзектілігін көрсету;

- М. Жұмабаев поэзиясындағы ұлттың тілдік бейнесін көрсететін мәдени лексиканы анықтау (идентификациялау), классификациялау және интерпретациялау;

- салыстырмалы-салғастырмалы әдіс арқылы мәдени болмысты (түпнұсқа мен аударманың ұлттық-мәдени ерекшеліктері) үш тілде аударудың негізгі және неғұрлым тиімді тәсілдерін анықтау, трансформация жолдарын көрсету;

- аудармашының мәдени лексиканы аудару барысында қандай стратегияны ұстанғанын және оның аудармаға әсерін анықтау;

- аударманы қолдана отырып, қазақ халқының тілдік бейнесін сипаттау үшін лингвомәдени зерттеулер аясында алынған мәліметтерді қорытындылау.

Зерттеудің нысаны. М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексика (реалия сөздер мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер) және олардың орыс, түрік және ағылшын тілдеріндегі аудармалары.

Зерттеудің пәні. М. Жұмабаев поэзиясындағы реалиялар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің аудармадағы көрінісі, доместикациялану және форенизациялану деңгейі.

Зерттеу әдісі. Зерттеу жұмысында мәліметті жинақтау, идентификациялау, классификациялау әдістері, олардың контекстуалдық мәнін сипаттау үшін контент анализ, әдеби-тарихи талдау, интерпретация әдістері, түрік, орыс және ағылшын тілдеріне аудару ерекшеліктерін көрсету мақсатында салыстырмалы-дескриптивті, семантико-стилистикалық талдаулар, зерттеу нәтижелерін реттеу мен жүйелеу мақсатында лингвостатистикалық әдістері қолданылды.

Зерттеу дереккөздері. Диссертациялық жұмыста М. Жұмабаевтың 1995 жылы Алматы, «Білім» баспасынан жарық көрген шығармалар жинағындағы өлеңдері; Астана, «Аударма» баспасынан жарық көрген «Мағжан Жұмабаев. Пророк. Стихи, поэмы, рассказ. Перевод с казахского» атты орыс тіліндегі аударма жинағы (2010), Фархат Тамирдің Анкарада жарық көрген «Mağsan Cumabayulı'nın şiirleri (Mağжан Жұмабайұлының өлеңдері. Латын әріптері мен Түркия түрікшесіне аударылған)» атты аударма кітабы (1993), Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаоглудың Мағжан ақынның 125 жылдығына орай Астана, «Ғылым» баспасынан жарық көрген «The poet of flame, liberty and love (Жалын, азаттық пен махаббат ақыны)» (2018) атты ағылшын тіліндегі аудармалар (тікелей қазақ тілінен жасалған) жинағы негізге алынды.

Зерттеу материалдары. Мағжан ақынның 208 өлеңі қарастырылып, оның ішінде 209 реалия және ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер іріктелді. 61 сөз материалдық мәдениетке қатысты, ал 148 сөз рухани мәдениетке қатысты атаулар. Оның ішінде 58 көнерген сөз (тарихи сөздер – 18, архаизмдер – 40). Іріктелген мәдени лексиканың ақын поэзиясында қолданылу жиілігі – 683. Орыс тіліндегі аудармада – 495-сі, түрік тілінде – 346-сы, ағылшын тілінде 63-і көрініс тапқан.

Зерттеудің жаңалығы:

- бұл диссертациялық жұмыста алғаш рет М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың *әр түрлі тілдік топтарға* жататын үш тілдегі аударма талдауы орын алды;
- М. Жұмабаев поэзиясындағы лингвомәдени лексиканың үш тілге аударылу ерекшеліктері алғаш рет жүйелі зерттеудің объектісі ретінде қарастырылып, форенизациялану және доместикациялану деңгейі анықталды;
- М. Жұмабаевтың аударма шығармаларына лингвомәдени аспектіде үш тілде алғаш рет салыстырмалы талдау жүргізіліп, нәтижесінде орыс, ағылшын және түрік лингвомәдени қоғамдастығы өкілдерінің ұлттық дүниетаным, тілдік бейнесінің ерекшеліктері анықталды;
- аударма талдауы аудармашының комментарийлерімен қоса берілді (ағылшын тіліндегі аударма авторы, Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаоглу және түрік тіліндегі аударма авторларының бірі Фархат Тамирмен сұхбат. Қосымша А, Б);
- ақынның поэзиясында кездесетін мәдени лексика іріктеліп, классификацияланып, алғаш рет «М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың үш тілді иллюстративті (түсіндірмелі) аударма сөздігі» құрастырылды (Қосымша В);
- ақын поэзиясының ағылшын тіліне аударылуы алғаш рет үштік сипатта қарастырылды. Түпнұсқа тілі – қазақ мәдениетіне, аударма – ағылшын тілі мәдениетіне тиесілі болса, аудармашы тұлғасы өзбек мәдениетіне жатады;
- аудармашы Т. Кожаоглудың ағылшын тіліндегі алғашқы аудармалары, Мағжанды түрік тіліне тәржімалаған Ф. Тамирдің жинаққа кірмеген, бізге өз қолымен ұсынған өлеңдерінің аудармалары алғаш рет қарастырылды (Қосымша Г);

- үш тілдегі аудармалардағы түпнұсқаның мағынасын жеткізудегі қателіктерді анықтау мақсатында осы материалдардың барлығы алғаш рет отандық аударматану ғылымында қарастырылып, аудармашы лабораториясын құруға негіз болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- поэтикалық аудармада өзіндік ерекшеліктерімен (ұйқас, ырғақ, пішін) қатар, түпнұсқадағы ұлттық мәдени ренкті, туынды жазылған уақыттың рухын сақтау тәрізді мәселелер өзекті болып табылады. Себебі кез келген көркем туындыдағы лингвомәдени лексикалық бірліктердің аудармасы - белгілі бір тілдік құрылымдардың басқа тілге ауысуы ғана емес, ұлттық тілде халықтың рухани мәдениетінің қайнар көзі ретінде көрінетін фондық білімді ескере отырып, лексиканың осы қабатының мазмұнын жеткізудің күрделі процесі болып табылады;

- Мағжан ақын поэзиясында аудармада қиындық тудыратын реалия сөздер тобы өте жиі көрініс тапқан. Олар қазақ халқының көшпелі өмір салты, тұрмысынан бастап, дүниетанымы, өнері, құндылықтары, әдет-ғұрпы, әкімшілік, қоғамдық бөлінісі, билік, діни наным-сенімдеріне дейінгі барлық қабаттарды қамтиды;

- зерттеудің пәні ретінде Мағжан ақын поэзиясындағы мәдени лексиканың аударма мәтінінде форенизациялану және доместикациялану деңгейі, яғни шет тілді көркем мәтіннің аудармада лингвомәдени бейімделу өрісі қарастырылды. Үш тілдегі аудармада да мәдени лексиканы доместикациялау стратегиясының басымдылығы анықталды. Доместикациялау үрдісі өрескел мазмұндық өзгерістерге әкелмегенімен, ұлттық колорит пен коннотация бояуының әлсіреуіне ықпал еткен;

- материалдық мәдениетке қатысты атаулар аудармада үш тілде де көбірек форенизацияланғаны анықталды. Себебі ақын поэзиясында материалдық мәдениетке қатысты атаулар қазақ халқының көшпелі өмір салты, тұрмыс-тірлішілігі, шаруашылық, киіз үй жабдықтары, ыдыс-аяқ, киім-кешекке қатысты. Аудармашылар мақсатты мәдениеттің өмір сүру формасында, сәйкесінше ұлттың тілдік бейнесінде мұндай түсініктердің мүлдем жоқ болуынан мәдени тіл бірлігін тәржімалауда транскрипция амалына жүгініп, мәтіннен тыс қосымша түсіндірме беру арқылы тәржімалаған;

- түпнұсқаның мазмұнын бұрмалауға әкелетін семантикалық қателер үш тілде де орын алған, бірақ өте сирек. Ал, мәтіннен тыс берілген қосымша түсіндірмелерде қате түрік тіліндегі аудармада көрініс тапқан. Аудармашы бұл жағдайға өкінішін білдіріп, ендігі басылымдарда түзетілетінін ескертті;

- орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда өте сирек кездесетін форенизациялау амалдары анықталды: түпнұсқадағы мәдени элементті сол түпнұсқа тілдегі басқа бірімен аудару, қосарлы форенизация. Мысалы, орыс тіліне *қатықты – айран, сусынды - айран* деп, *күзеуді - табун* деп тәржімалайды. Немесе түпнұсқада жоқ мәдени тіл бірлігі аудармада пайда болады. Мысалы, қойға шығу – выйти за *отарою*. Бірақ мына қойды кім бағар, кім бағар? - Кто б тогда на *джайляу* овец выгонял? Ағылшын тілінде өте сирек қосарлы форенизация амалы қолданылады: белгі арқылы аудару + қосу (қосымша, түсіндірме, сілтеме). Аудармашы реалия сөзді тырнақшаға алып

қана қоймай, қасына жақшаның ішінде мәтін қосымша түсіндірме келтіреді: «darya» (river);

- Төрт тіл мен мәдениетке де тән универсалий ұғымдар мен түсініктер бары анықталды. Мысалы, *бесік пен бесік жыры*. Ежелде соғыс кездерінде батырлар киген *дулыға мен найза, діни реалиялар*. Діни реалияларға келгенде, түрік тіліне қатысты қазақ тіліндегі реалиялар эквивалентсіз лексика болып саналуын тоқтатады. Себебі қос халық бір дінді ұстанғандықтан, ұғымдар да екі халыққа ортақ, таныс. Тіпті, жазылуы мен айтылуы да ұқсас;

- түпнұсқа мен аударылатын тілдердің этномәдени ерекшеліктеріне сай аудармашылардың да тілдік тұлғасының лингвомәдени көрінісі аудармаға әсер еткен. Сол тұрғыдан аудармашылық шешімдер мен қателіктердің рөлі тек жағымсыз емес, болашақ аудармашылардың қызметі үшін сабақ болатын оң тәжірибе ретінде қарастырылады.

- М. Жұмабаевтың поэзиясы, әдеби мұрасы әлемдік әдебиеттің фактісіне айналды.

Зерттеудің теориялық маңызы. Докторлық диссертацияның болжанып отырған нәтижелері отандық көркем аударма, салыстырмалы әдебиеттану және аударма, лингвомәдениеттану салаларының дамуына өз үлесін қосады.

Зерттеудің практикалық құндылығы. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдарын, талдауға түскен тілдік материалдарды «Көркем аударма», «Салыстырмалы әдебиеттану», «Аударманың өзекті мәселелері», «Аударма және мәдениатаралық қарым-қатынас» тәрізді ғылыми курстар мен семинарлар, «Лингвомәдениеттану» пәнінен қосымша тірек дереккөздер ретінде қолдануға болады. Аударма сөздігі аудармашылар үшін таптырылмас анықтамалық құрал бола алады.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша 10 ғылыми мақала жарық көрді. Оның ішінде Скопус мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда - 3, ADVANCED SCIENCES INDEX, ASOS INDEKS, ESJİ, SIS DRJI, ISAM, COSMOS базаларына енетін Түркияның ғылыми журналында - 1, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, анықтамадан, үш тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Диссертациялық жұмыстың көлемі қосымшаларсыз – 166 бет.

Мәдени лексиканы аудару теориясы мен тәжірибесінен атты бөлімде мәдени лексика және оны аудару теориясы; *М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың классификациясы және функционалдық ерекшеліктері* атты бөлімде ақын поэзиясынан іріктеліп алынған мәдени лексиканың классификациясы, атқарып тұрған қызметі мен мәдени мәнмәтіндегі ерекшеліктері; *Мағжан Жұмабаев поэзиясы және оның орыс, түрік, ағылшын тілдеріндегі аудармаларын лингвомәдени мәнмәтінде салғастырмалы талдау* бөлімінде ақын өлеңдеріндегі мәдени лексиканың орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері қарастырылады, форенизация және доместикациялану деңгейі анықталады.